



Айтбаев Байғабыл

1920 жылы 1 сәуірде Қостанай облысы Аманкелді ауданы 1 Май ауылдық кеңесіне қарасты Байғабыл ауылында дүниеге келген. Сол жердегі бастауыш мектептен білім алған. Соғысқа дейін колхозда жұмыс сітеген. 1944 жылдың қазан айында Торғай АӘК-нан әскер қатарына алынып, 50-механикаландырылған артдивизияның 186-полк құрамында қатардағы жауынгер атқыш болған. 1946 жылдың маусым айынан 1950 жылға дейін 41-атқыштар батальонына ауысып, қатардағы радист болады. 1950 жылдың қыркүйек айында армия қатарынан босап елге оралады. 1951-1958 жылдар аралығында аудан орталығындағы 1 Май МТС-да механизатор, тың игеру жылдары «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы совхозда тракторист, кейін МТМ-да слесарь болып жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан. II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және жеңістен кейінгі 4 мерекелік медальмен марапатталған. 1990 жылы қайтыс болған.

